

Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің Ақбаз учаскесінде орналасқан " Мажит" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 1-17/4 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 мамырда № 6831 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 тамыздағы № 1-17/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 18.08.2020 № 1-17/6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Баянауыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 2-19/93 ұсынысы негізінде, Бірлік ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Бірлік ауылдық округінің Ақбаз учаскесінде орналасқан " Мажит" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бірлік ауылдық округінің әкімі

А. Аманжолов